

4 Государственная фармакопея СССР. Издание 11. – М.: Медицина, 1987. – 240 с.

5 Антонова Е.В., Морозова И.М. Анатомия и морфология растений. – Витебск: Изд-во Вит.гос.ун-т, 2008. – 187 с.

А.К.Ауельбекова, А.И. Ахметжанова, Т. Қазыбекқызы

## ОРТАУ ТАУЫНДА СИРЕК КЕЗДЕСЕТІН, ЖОЙЫЛЫП БАРА ЖАТҚАН ЖӘНЕ ЭНДЕМДІК ӨСІМДІКТЕР

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Ортау тауы Орталық Қазақстанның ұсақ шоқылы аласа таулы массивтерінің оңтүстік батыс жалғасы болып табылады және өзін біршама аз немесе көп жекеленген оргографиялық аудан береді. Оның биіктігі 600-800 м теңіз деңгейінен аспайды. Массивтің орталық бөлігінде ең жоғарғы нүктесі – 1068 м теңіз деңгейінде жатыр. Ортау тауының солтүстік–шығыстан оңтүстік батысқа дейінгі ұзындығы 40 км-ден асады, ені 20 км-ден аспайды. Таулардың солтүстік және оңтүстік белдеулерінде жалаңаштанған жусанды-бетегелі далалар орналасқан.

Ортау тауының гранитті массиві өсімдіктер бірлестігімен үйлесе Орталық Қазақстанның ұсақ шоқылы гранитті тауларының барлығы үшін қарапайым сипатталады: *Juniperus sabina* тоғайлары ірітасты ұсақ тау жыныстары да, тасжарғандармен, ұсақтасты аудандарда петрофитті қызылселеулі және әртүрлі құмды селеулі далалардың фрагменттерімен, далалы бұталардың тоғайларымен. (*Thymus marschallianus*, *Thymus eremite*, *Thymus rasiatus*), петрофитті әртүрлішөптер (*Sedum hybridum*, *Achillea nobilis*) бірлестіктерімен, ішкі тегістіктерінде әртүрлішөпті қызылселеулі және әртүрлікұмдыселеулі (*Stipa pennata*, *Stipa rubens*, *Hieracium echioides*, *Gypsophyla paniculata* және басқалары) далалардың үзінділерімен, далалы бұталардың (*Lonicera tatarica*, *Cotoneaster melanocarpa*, *Spiraea hypericifolia*) тоғайларымен [1,2].

Зерттеу объектісі Ортау тауының (Орталық Қазақстан) негізгі өсімдіктер типтеріне сипаттама беру болып табылады.

Далалық зерттеулер 2016-2018 жылдар бойы жүргізілді. Зерттелетін түрлердің қатысуы бар өсімдіктер бірлестігіне геоботаникалық сипаттама Б.А. Быковтың [3], А.А. Федоровтың [4], В.М. Понятовскаяның [5] әдістемелік нұсқауларына сәйкес жүргізілді. Бірлестікке атау Б.А. Быков бойынша берілді. Бірлестіктің учаске шекарасы олардағы доминанттар мен содоминанттардың барлығы бойынша анықталды.

Ортау тауының өсімдіктері ботаника-географиялық аудандастыру бойынша Орталық Қазақстан аймағының тарамдарының Қапал округіне жатады. Ортау тауының аймағында өсімдіктердің төрт типі кездеседі: далалық өсімдіктер, бұталы тоғайлар, жапырақты ормандар және шалғындық тоғайлар.

Тауда 38 сирек кездесетін, жойылып бара жатқан және эндемдік өсімдік түрлері тізімге алынған (кесте 1). Атап өтетін жағдай, табылған түрлер таулы аймақта біркелкі таралиаған. Біршама көп саны Жетіқазан шатқалынан табылды, бұл қолайлы жағдайдың болғанын: жоғарғы ылғалдылықтың, адам шаруашылық іс әрекетінің орнының болмауын көрсетеді. Келесі табылған сирек кездесетін өсімдіктер саны бойынша және белгіленген учаске бойынша Ортау тауының ең жоғарғы нүктелерінің аймағындағы – Ортау шыңы болып табылады. Бұл жерде бізбен басқа белгіленген учаскеде кездеспеген *Woodsia ilvensis* өсетіні табылды. Ортау елді мекенінен 7 км бөгет аймағында түрлердің біршама аз саны байқалды, оның ішінде біріңғай түр - *Nymphaea candida* тікелей су тоғанында өседі.

Кесте 1 - Ортау тауының сирек кездесетін, жойылып бара жатқан және эндемдік өсімдіктері

Өсімдік аты	Жаргас сайы	Ортау шыңы	Құрманак өзен алқабы
<i>Adonis wolgensis</i> Stev.	-	-	+
<i>Asplenium septentrionale</i> (L.) Hoffm.	+	+	-
<i>Athyrium filix-femina</i> (L.) Roth.	+	-	-
<i>Artemisia glabella</i> Kar.et Kir.	+	+	+
<i>Betula kirghisorum</i> Sav.-Rydzg.	-	+	-
<i>Caragana bogardiana</i> (Fisch.et Mey) Pojark.	+	-	-
<i>Caragana kirghisorum</i> (L.) C. Koch.	-	+	-
<i>Caragana pumila</i> Pojark.	+	-	-
<i>Crataegus altaica</i> Lge.	+	+	-
<i>Cystopteris filix-fragilis</i> (L.) Borbas.	+	+	-
<i>Dryopteris filix-mas</i> (L.) Schott.	+	+	-
<i>Eremurus altaicus</i> (Pall.) Stev.	-	+	-
<i>Euphorbia microcarpa</i> Prokh.	+	-	-
<i>Fritillaria meleagroides</i> Patr.in.et Schult.	-	+	-
<i>Gymnocarpium dryopteris</i> (L.) Newm.	+	+	-
<i>Geum urbanicum</i> L.	+	+	-
<i>Glycyrrhiza uralensis</i> Fisch.	-	+	+
<i>Geranium schrenkianum</i> Trautv.ex Beck.	+	-	+
<i>Geranium transversale</i> (Kar.et Kir.) Vved.	-	+	+
<i>Gentiana pneumonanthe</i> L.	-	-	+
<i>Hypericum perforatum</i> L.	+	+	+
<i>Helichrysum arenarium</i> (L.) Moench.	+	-	+
<i>Juniperus sabina</i> L.	+	+	-
<i>Iris scariosa</i> Willd.ex Link.	+	-	+
<i>Lysimachia vulgaris</i> L.	-	-	+
<i>Lappula marginata</i> (M.B.) Guerke	-	+	+

<i>Nymphaea candida</i> Presl.	-	-	+
<i>Pulsatilla patens</i> (L.) Mill.	-	+	+
<i>Padus racemosa</i> (Lam.) Gilib.	+	+	-
<i>Primula longiscapa</i> Ledeb.	-	+	-
<i>Ribes nigrum</i> L.	+	+	-
<i>Ribes saxatile</i> Pall.	+	+	-
<i>Rubus saxatilis</i> L.	+	+	-
<i>Rhamnus cathartica</i> L.	+	-	-
<i>Tulipa schrenkii</i> Regel	-	-	+
<i>Tulipa patens</i> Agardh.ex Schult.	+	-	+
<i>Tanacetum scopulerum</i> (Krasch.) Pjin	+	+	-
<i>Woodsia ilvensis</i> (L.) R.Br.	-	+	-
Барлығы	20	18	11

Ортау тауының территориясында кездескен 38 сирек кездесетін, жойылып бара жатқан және эндемді, реликтілі өсімдік түрлерінің 9 түрі реликтілі өсімдіктерге жатқызылды: *Woodsia ilvensis*, *Gymnocarpium dryopteris*, *Asplenium septentrionale*, *Athyrium filix-femina*, *Cystopteris filix-fragilis*, *Dryopteris filix-mas*, *Juniperus sabina*, *Rhamnus cathartica*, *Nymphaea candida*. Эндемді өсімдіктерге 5 түр: *Caragana bogardiana*, *Caragana kirghisorum*, *Caragana pumila*, *Tanacetum scopulerum*, *Euphorbia microcarpa*; сирек кездесетінде - 19 түр: *Artemisia glabella*, *Fritillaria meleagroides*, *Geum urbanicum*, *Glycyrrhiza uralensis*, *Geranium schrenkianum*, *Geranium transversale*, *Gentiana pneumonanthe*, *Helichrysum arenarium*, *Iris scariosa*, *Lysimachia vulgaris*, *Lappula marginata*, *Pulsatilla patens*, *Padus racemosa*, *Primula longiscapa*, *Ribes nigrum*, *Ribes saxatile*, *Rubus saxatilis*, *Tulipa schrenkii*, *Crataegus altaica*; жойылып бара жатқанға 4 түр: *Tulipa patens*, *Adonis wolgensis*, *Tanacetum scopulerum*, *Eremurus altaicus* және Қызыл кітапқа енген *Betula kirghisorum* жатты. Ортау шыңында бұрын кездеспеген *Woodsia ilvensis* өсетінін анықтадық. Жоғарыда көрсетілгендей Ортау таулы ауданы бойынша табылған 38 өсімдіктің көп түрлері Жартас сайы мен Ортау шыңында кездесті.

Жоғарыда көрсетілгендей Ортау таулы ауданы бойынша табылған 38 өсімдік түрлері өмірлік формасының таралу сипаты бойынша, оның ішінде көбісін көпжылдық шөптесін өсімдіктерге жатқызуға болады, ал экоморфасы бойынша мезоксерофиттер мен мезофиттер басымырақ.

Сондықтан, Ортау тауында өсімдіктер бірлестігінің 4 типі табылды: далалы, орманды, бұталы және шалғынды; сирек кездесетін, жойылып бара жатқан және эндемдік өсімдіктердің 38 түрлік құрамы анықталды.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Әуелбекова А.К., Ахметжанова А.І., Егеубаева Р.Ау Орталық Қазақстанның Ортау және Қызылтау таулы аймақтарының пайдалы өсімдіктері //

Тезисы докладов III межд. конф. Исследование растительного мира Казахстана. – Алматы, 2006. – С. 180-181.

2. Ахметжанова А.И., Әуельбекова А.К., Ержанова Т.Н. Шет ауданының таулы аймақтарында кездесетін пайдалы өсімдіктер // Тезисы докладов межд. науч.-практ. конф. Актуальные проблемы экологии и природопользования в Казахстане и сопредельных территориях. – Павлодар, 2006. Т. 1. - С. 198-200.

3. Быков Б.А. Введение в фитоценологию. - Алма-Ата: Наука, 1970.-226 с.

4. Федоров А.А. Общие вопросы методики учета запасов растительного сырья // Методика полевого исследования сырьевых растений / Сб.науч.тр. - М.-Л.: Изд. АН СССР, 1948. - С. 45-52.

5. Понятовская В.М. Учет обилия и характера размещения растений в сообществах // Тр. БИН, Сер. III Геоботаника. - М.-Л.: Наука, 1964. - Вып. 3. - С. 209-299.

6. Ахметжанова А.И., Әуельбекова А.К. Қызылтау және Ортау таулы аймақтарының сирек кездесетін және жойылып бара жатқан өсімдіктері // Тезисы докладов III межд. науч.-практ. конф. Актуальные проблемы экологии. – Караганда, 2004. – Ч. 1. - С. 113-115.

А.И.Ахметжанова, А.Ә.Нақай, Ж.С.Әзімжанова

## **ЖАҢААРҚА АУДАНЫНА ҚАРАСТЫ ИМАНАҚ ТАУЛЫ ӨңІРІНІҢ ПАЙДАЛЫ ӨСІМДІКТЕРІНІҢ БИОЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Е.А Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан

Қазіргі таңда Қазақстанның бұрын соңды зерттелмеген шалғай орналасқан аудандарының пайдалы өсімдіктерін анықтап, солардың ішінде халық шаруашылығының әр түрлі саласында сұранысқа жоғары перспективті түрлерді жан- жақты зерттеудің теориялық және практикалық маңызы зор. Әсіресе, сол пайдалы өсімдіктердің ішінде ерте көктемде гүлдейтін эфемерлер мен эфемеройдтардың түрлерін анықтап және сирек кездесетін, жойылып бара жатқан, эндемдік өсімдіктердің биэкологиялық ерекшеліктерімен танысып, инвентаризация жұмыстарын жүргізудің ғылымда алатын орны ерекше. Әдеби деректерде Орталық Қазақстан бойынша, Ортау, Қызылтау, Ақтау өңірлерінің пайдалы өсімдіктерінің биэкологиялық ерекшеліктері, таралуы, қоры туралы біраз жұмыстар жүргізілген [1-3]. Қарастырылған әдебиеттерде Жаңаарқа ауданына қарасты басқа таулы өңірлердің өсімдіктері туралы ғылыми жұмыстар жоқтың қасы. Сондай зерттелмеген аймақтардың қатарына Иманақ таулы өңірі жатады. Сондықтан, Иманақ таулы өңірінің өсімдіктеріне фитоценологиялық сипаттама беруді мақсат етіп қойдық. Осы мақсатқа жету үшін мынадай міндеттер қойылды: 1. Зерттелетін таулы өңір бойынша өсімдіктер бірлестігінің типтерін анықтау; 2. Тіркелген пайдалы өсімдіктерді